


«Бекітемін» 

«Гульнафис» ЖШС «Ақбота» жеке бөбекжайы

Әдіскер: Алип К.С.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасынегізінде «Мазайка» ересек тобының 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

тәрбиешілері: Жақсымова Ф.Б
Кужалиева Г.А.

Түсінік хат

Осы «Қарлығаш» аралас ересек тобының перспективтік- жылдық жоспары 2023-2024 оқу жылы бойынша 3 тамыз 2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға бірдей стандартына», 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сүйене отырып құрылды.

Уақыты: Қыркүйек

Бөлімі	Мақсаты:
Дене шынықтыру	Жүру: сапта бір-бірлеп жүру; жүруді жүгірумен кезектестіру. Жүгіру: бірқалыпты жүгіру; аяқтың ұшымен жүгіру. Секіру: бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2-3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 ретсекіру); 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. Лақтыру, қағып алу: заттар арасымен доптарды домалату; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта). Еңбектеу: 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағанда еңбектеу; орындықта көлденеңінен еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру; арқанмен жүру. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу: тура жолмен велосипед тебу; оңға, солға бұрылыстарды орындау. Спорттық ойын элементтері: кегель ойыны: бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру; футбол ойыны: берілген бағытта допты домалату. Күтілетін нәтиже: сапта бір-бірлеп жүреді; жүруді жүгірумен кезектестіреді; бірқалыпты жүгіреді; аяқтың ұшымен жүгіреді; бір орында тұрып, екі аяқпен секіреді; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіреді; заттар арасымен доптарды домалатады; допты бір-біріне төменнен лақтырады және қағып алады; 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағанда еңбектейді; орындықта көлденеңінен еңбектейді; сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүреді; арқанмен жүреді; кегель ойыны: бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыруды меңгерген:
Сөйлеуді дамыту	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. Күтілетін нәтиже: - дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады; - Сөзді дыбыстау мәдениетінде дидактикалық ойындарды қолданады.
Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету Күтілетін нәтиже: - көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; - Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көріп, олардың іс-әрекеттерін бағалай алады. - Ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыра алады.

Математика негіздері	Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Күтілетін нәтиже: - теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие; - Жиын , оның әртүрлі түстегі, пішіндері, өлшемдері туралы түсінікті игерді.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; Күтілетін нәтиже: - құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады; - Орналастыру тәсілдерін қолдана алады:
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру Күтілетін нәтиже: - жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады; - Жеке және бірдей заттарды қайталап салу дағдысын игерген.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету Күтілетін нәтиже: - ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді; - мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді;
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту 1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. 2) текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету Күтілетін нәтиже: -жапсыру мен шығармашылық әрекетке қазығушылық таныта алады. -Қайшыны ұстау және оны қолдана білу дағдыларын игерген.
Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: - бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады;
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыканы соңына дейін тыңдау). Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру.

	Билер: Әуеннің көңілді сипатын, кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдап, әнді қимылдармен үйлестіріп айтады, марш сипатын ырғақты жүріспен көрсетеді, музыканың кіріспесін ажыратып, шулы музыкалық аспаптарды қолданады
--	---

Қазан

Бөлімі	Мақсаты:
Дене шынықтыру	Жүру: жүруді секірумен кезектестіру; қозғалыс бағытын өзгерту арқылы жүру; заттарарасымен, адымдап алға қарай жүру. Жүгіру: тізені жоғары көтеріп жүгіру; кіші және үлкен қадаммен жүгіру. Секіру: бір орында оңға, солға бұрылып секіру; баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту. Лақтыру, қағып алу: допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 мқашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3-4 рет). Еңбектеу: табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру. Тепе-теңдік сақтау: басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу; қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. Спорттық жаттығулар: самокат тебу: тура бағытта самокат тебу; оңға және солға бұрылу. Спорттық ойын элементтері: кегель ойыны: 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру; футбол ойыны: допты аяқтарымен бір-біріне домалату. Күтілетін нәтижелер: жүруді секірумен кезектестіреді; қозғалыс бағытын өзгерту арқылы жүреді; заттар арасымен, адымдап алға қарай жүреді; тізені жоғары көтеріп жүгіреді; кіші және үлкен қадаммен жүгіреді; бір орында оңға, солға бұрылып секіреді; баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтеді; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтырады; табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектейді; қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұрады; самокат тебу: тура бағытта самокат тебеді; оңға және солға бұрылуды меңгерген;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Күтілетін нәтиже: - ақырын, жылдам сөйлейді; - сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс, анық айтады; - естіген дыбыстарды дұрыс айтады; белгілі дыбысқа ауызша сөздерді табады;

	- сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолданады;
Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Күтілетін нәтиже: - таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады; - әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады; - шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; - тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады;
Математика негіздері	Сан, санау. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже: - 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; - сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап береді.
Құрастыру	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атауға үйрету. Күтілетін нәтиже: - заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; - құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды;
Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Күтілетін нәтиже: - Заттардың пішіні мен көлемінің бөліктерінің орналасуын анықтай алады; Заттардың көлемі бойынша анықтайды.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: 1) түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу; 2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін; 3) пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды; 4) адамның пішінін; 5) заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сығымдау. Күтілетін нәтиже: - бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады; - Ермексаз, сазбалшық, қамыр кесектерінен мүсіндеу дағдылары қалыптасқан.
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Күтілетін нәтиже: - қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады; - қысқа және ұзын жолақтарды қияды;

Қоршаған ортамен таныстыру	Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Күтілетін нәтиже: - отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі; - әскердің міндеті туралы түсініктерге ие; - отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады; - жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелейді;
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Музыканың сипатын сезіне отырып, таныс шығармаларды біледі, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелейді, әуенді таза және сөздерді анық айтып, музыканың сипатын жеткізе біледі, қимылдарды ауыстырады, ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнайды.

Қараша

Бөлімі	Мақсаты:
Дене шынықтыру	Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру; адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру. Жүгіру: орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру; шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру. Секіру: бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру. Лақтыру, қағып алу: оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2-2,5 метр қашықтықтан) лақтыру; допты бір-біріне бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3-4 рет). Еңбектеу, өрмелеу: етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу. Тепе-теңдік сақтау: гимнастикалық орындықтың бойымен жүру; қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. Спорттық жаттығулар: үш дөңгелекті велосипед тебу және оңға, солға бұрылу. Күтілетін нәтижелер: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүреді; адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен жүреді; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіреді; шапшаң және баяу қарқынмен жүгіреді; бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіреді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырады; қағып алады; допты жоғары лақтырады және екі қолымен қағып алады;

	етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарайеңбектейді; үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өтеді.
Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Күтілетін нәтиже: - өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі; - тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсінеді;
Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Күтілетін нәтиже: - ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады; - кейіпкерлерге жанашырлық сезімін таныта алады; - шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады;
Математика негіздері	Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: - екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; - бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады; - «Қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап бере алады - Көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарының сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: - дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды; - өз бетінше ойдан құрастырады;
Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Күтілетін нәтиже: - қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды; - сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады;
Мүсіндеу	Сюжеттік мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. - кескішті қолдануды таныстыру. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге тырысуын ынталандыру. Ұқыпты мүсіндеу әдістерін бекіту. Күтілетін нәтиже: - Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге игере алады. - Кескішті қолдану жолдарын игерген.

Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Күтілетін нәтиже: - текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды; - жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қияды;
Қоршаған ортамен таныстыру	Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Күтілетін нәтиже: - еңбек етуге қызығушылық танытады; - бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді; - ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытады;
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Билер: Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын ажыратады, қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді, билердің атауларын естесектейді, сылдырмақта қарапайым әуендерді ойнайды.

Желтоқсан

Бөлімі	Мақсаты:
Дене шынықтыру	Жүру: нұсқаушының белгісімен бағытты және қарқынды өзгертіп жүру. Жүгіру: орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру; аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Секіру: қысқа секіргішпен секіру; бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: заттардың арасымен доптарды домалату; допты бір-біріне төменнен лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу. Еңбектеу: табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; гимнастикалық орындық үстімен жүру. Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату; төбешіктен сырғанау; шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу; шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Күтілетін нәтижелер: нұсқаушының белгісімен бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді;

	орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіреді; аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіреді;бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіреді; қысқа секіргішпен секіреді; бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіреді;заттардың арасымен доптарды домалатады; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектейді;гимнастикалық орындық үстімен жүреді; шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанатады; төбешіктен сырғанайды; шанамен төбешіккекөтеріледі, төбешіктен түскенде тежейді.
Сөйлеуді дамыту	Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Күтілетін нәтиже: - адамдардың мамандықтарын білдіретін зат есімдерді, еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді біледі; - өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын таниды;
Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту: -түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу; -түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау; -таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау; -ертегі желісін ретімен орындау Күтілетін нәтиже: - кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады; - Театрландырылған әрекет дағдылары қалыптасқан.
Математика негіздері	Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Күтілетін нәтиже: - шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады; - Ұзындығы , ені, биіктігі бойынша екі затты салыстыра алады. - Заттарды өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыра алады:
Құрастыру	Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: -Құрылыс бөлшектеріне мұқияттылықпен қарай алады; -Құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтай алады:

	-Қағаздан құрастыру дағдыларын игерген.
Сурет салу	Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеуге үйрету. Сәндік сурет салу -Қазақ оюларының кейбір элементтерін салу; -элементтердің реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Күтілетін нәтиже: - суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояу тәсілдерін біледі; - қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді; - сәндік сурет салу дағдылары қалыптасқан.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету; Күтілетін нәтиже: - мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады; - мүсіндеуде кескішті қолданады;
Жапсыру	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Заттық жапсыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) күрделі заттар мен жануарлардың пішіндерін жапсыру; 2) қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу Күтілетін нәтиже: - Тар жолақтарды шаршының бұрыштарын қиюды біледі - Заттық жапсыру жолдарын игерген.
Қоршаған орта	Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Күтілетін нәтиже: - Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды; өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады;
Музыка	Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екіншібөлігінде қимылдарды өзгерту. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Асатаяқпен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Жоғары дыбыстарды ажыратады, музыканың сипатын жеткізе біледі, қимылдарды музыкамен сәйкестендіріп, екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді, жұппен би қимылдарын орындайды, асатаяқта әуендерді ойнайды.

Қаңтар

Бөлімі	Мақсаты:
Дене шынықтыру	Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру; адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру; жүруді жүгірумен кезектестіру. Жүгіру: аяқтың ұшымен жүгіру; тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру. Секіру: бір орында тұрып, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып бір орында секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3-4 рет); допты бір-біріне төменнен лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу. Еңбектеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу; көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) аттап жүру; сызықтардың бойымен жүру; еденнен 20-25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту арқылы жүру. Күтілетін нәтижелер: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүреді; адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен жүреді; жүруді жүгірумен кезектестіреді; аяқтың ұшымен жүгіреді; тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіреді; бір орында тұрып, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіреді; заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалатады; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектейді; көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектейді; сызықтардың арасымен аттап жүреді; еденнен 20-25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту арқылы жүруді меңгерген.
Сөйлеуді дамыту	Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Күтілетін нәтиже: - зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады; - сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады; - зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып айтады;
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға тәрбиелеу Күтілетін нәтиже: - дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады; - әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді; - сахналық қойылымдарға қатысады; - образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады;
Математика негіздері	Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету.

	Күтілетін нәтиже: - геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды;
Құрастыру	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Күтілетін нәтиже: - заттарды өз бетінше таңдап, ойдан композиция құрастырады; - құрастыруда шығармашылық танытады;
Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Күтілетін нәтиже: - қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді; бейнелейтін заттарды қарайды, қолмен ұстап зерттейді;
Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге тырысуын ынталандыру. Ұқыпты мүсіндеу әдістерін бекіту Күтілетін нәтиже: - ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады; - ұжымдық жұмысқа қатысады;
Жапсыру	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу Күтілетін нәтиже: - бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді; - Композицияны құрастыра алады. - Қағаз бетіне заттың бейнелерін құрастырып, жапсыру дағдысы қалыптасқан.
Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Күтілетін нәтиже: - бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді; - ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі; - кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды;
Музыка	Музыка тыңдау: Өндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Домбырада қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Өндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдейді, аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айта біледі, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдайды, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.

Ақпан

Бөлімі	Мақсаты:
Дене шынықтыру	Жүру: жүруді секірумен алмастырып жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. Жүгіру: сапта бірнен соң бірі және шашырап жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Секіру: бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру; 4-5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40-50 сантиметр) секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: құрсауларды бір-біріне домалату; допты бір-біріне бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу. Еңбектеу: етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алғақарай еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау: бір-бірін шанамен сырғанату; төбешіктен сырғанау, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу; шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу; велосипед тебу: оңға, солға бұрылу. Күтілетін нәтижелер: жүруді секірумен алмастырып жүреді; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүреді; сапта бірнен соң бірі және шашырап жүгіреді; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіреді; бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіреді; шаңғымен бірінің артынан бірі жүреді; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешеді.
Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Күтілетін нәтиже: - өзі зерттеген заттарды, суреттерді сипаттайды;
Көркем әдебиет	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Күтілетін нәтиже: - еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды;
Математика негіздері	Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Күтілетін нәтиже: - геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді;
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Күтілетін нәтиже: - қағаз парағын түрлендіреді; - бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; - «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады;

Сурет салу	Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Күтілетін нәтиже: - заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады; қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады;
Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Заттық мүсіндеу. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) жануарлардың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану; 2) бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Күтілетін нәтиже: - қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады; - бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндей алады.
Жапсыру	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Сюжеттік жапсыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыру; 2) заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыру; Күтілетін нәтиже: - өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді; - Сюжеттік жапсыру дағдыларын қолдана алады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: - жолда жүру ережелерін біледі; - көлік түрлері мен жол түрлерін атайды; қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі;
Музыка	Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдай отырып, алған әсерімен бөліседі, әнді қимылдармен үйлестіріп айтады, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіре біледі, сазсырнайда әуендерді ойнайды.

Наурыз

Бөлімі	Мақсаты:
--------	----------

Дене шынықтыру	Жүру: қарқынды өзгертіп жүру; өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүру. Жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіреотырып, 40-50 метрге жүгіру. Секіру: орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр) секіру; қысқа секіргішпен секіру. Лақтыру: оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2-2,5 метр қашықтықтан)лақтыру; допты бір-біріне бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5-6,5 метрден кем емес). Өрмелеу: гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу. Тепе-теңдік сақтау: қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20-25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту арқылы жүру; көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.Күтілетін нәтижелер: қарқынды өзгертіп жүреді; өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; шапшаң және баяу қарқынмен жүгіреді; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып,40-50 метрге жүгіреді; орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр) секіреді; қысқа секіргішпен секіреді; оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2-2,5 метр қашықтықтан) лақтырады;гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелейді.
Сөйлеуді дамыту	Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Күтілетін нәтиже: - қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын таниды, атайды; - қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді;
Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Күтілетін нәтиже: - тақпақтарды, санамақтарды,жаңылтпаштарды , өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады; - халық ауыз әдебиетінің шығармаларын өзге шығармалардан ажырата алады;
Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Күтілетін нәтиже: - кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды; - берілген бағытта қозғалады;
Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу Күтілетін нәтиже: - қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі; - табиғи және қалдық заттардан құрастырады;
Сурет салу	Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Күтілетін нәтиже:

	- қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;
Мүсіндеу	Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Сюжеттік мүсіндеу. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композициялар құру; 2) ұжымдық жұмыстарды орындау, міндеттемелерді өзара бөлісу; 3) мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан мүсіндеу. Күтілетін нәтиже: - қазақ оюларының элементтерін безендіре алады; - Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдаланады
Жапсыру	Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Дөңгелектер мен сопақтарды қию; - ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Күтілетін нәтиже: - өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді - Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеп қия алады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді;
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіріп, екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Билер: Шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Барабан аспабында қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын ажыратады, мәнерлеп ән айтады(ре-си бірінші октава шегінде), қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді, шапшаңдық пен ептіліктанытып, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратады, барабан аспабында қарапайым әуендерді ойнайды.

Сәуір

Бөлімі	Мақсаты:
Дене шынықтыру	Жүру: жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру; жүруді секірумен алмастырыпжүру. Жүгіру: жетекшіні ауыстырып жүгіру; бірінен соң бірі және шашырап жүгіру. Секіру: қысқа секіргішпен секіру; бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2-2,5 метр қашықтықтан) лақтыру; заттардың арасымен доптарды бір-бірімен домалату; допты бір-біріне төменнен лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3-4 рет). Еңбектеу: табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу; көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; еденнен 20-25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту арқылы жүру. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу: оңға, солға бұрылу.Күтілетін нәтижелер: жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүреді; жүруді секірумен алмастырып жүреді;жетекшіні ауыстырып жүгіреді; бірінен соң бірі және шашырап жүгіреді; қысқа секіргішпен секіреді; бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіреді; оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2-2,5 метр қашықтықтан) лақтырады;көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектейді; қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өтеді, бұрылады;велосипед тебу: оңға, солға бұрылады.
Сөйлеуді дамыту	Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Күтілетін нәтиже: - зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып айтады; - өзі зерттеген заттарды, суреттерді сипаттайды; бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырады; - ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды;
Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға; тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтауға үйрету. Күтілетін нәтиже: - шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; - тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады;
Математика негіздері	Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Күтілетін нәтиже: - тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі; - «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады;
Құрастыру	Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: - табиғи және қалдық заттардан құрастырады;

	- заттарды өз бетінше таңдап, ойдан композиция құрастырады; - құрастыруда шығармашылық танытады;
Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Күтілетін нәтиже: - қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады;
Мүсіндеу	Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылықты тәрбиелеу. Халық шеберлерінің еңбегі туралы білімін кеңейту, саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын бекіту. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау Күтілетін нәтиже: - қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады; - мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады; - мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды; жапсыру
Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру Күтілетін нәтиже: - қазақ оюларының бөліктерінен, сәндік –қолданбалы өнерімен, киіз үй жабдықтары туоралы түсініктерін игерген.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жолда жүру ережелері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Күтілетін нәтиже: - жолда жүру ережелерін біледі; - Бағдаршамның белгілерін , жолда жүру тәртібін біледі;
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Билер: Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Музыканың ақырын, қатты, баяу, жылдам құралдарын ажыратады, қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді, атрибуттармен биқимылдарын орындайды, металлофонмен қарапайым әуендерді ойнауды меңгерген.

Бөлімі	Мақсаты:
Дене шынықтыру	Жүру: аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. Жүгіру: тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру; 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру. Секіру: бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру; 20-25 сантиметр биіктіктен секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: құрсауларды бір-біріне домалату; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5-6,5 метрден кем емес); допты бір-біріне төменнен лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу. Еңбектеу: етпетімен жатып, гимнастикалық орындықтың бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту. Тепе-теңдік сақтау: гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен жүру. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу: оңға, солға бұрылу. Күтілетін нәтижелер: аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүреді; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүреді; тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіреді; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіреді; 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіреді; бір аяқпен секіреді; 20-25 сантиметр биіктіктен секіреді; құрсауларды бір-біріне домалатады; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтырады; заттарды қашықтыққа лақтырады; допты бір-біріне төменнен лақтырады; қағып алады.
Сөйлеуді дамыту	Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыру; ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттау; берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: - шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады; - бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылайды;
Көркем әдебиет	Дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғырту; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге; сахналық қойылымдарға қатысуға еркіндік беруге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: - дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады; - әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді; - сахналық қойылымдарға қатысады;
Математика негіздері	Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін анықтау; тәулік бөліктерін ажырату, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін білуге; «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратуға үйрету. Күтілетін нәтиже: - сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды; - «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады;
Құрастыру	Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Күтілетін нәтиже: - құрастыруда шығармашылық танытады

	- қауіпсіздік ережелерін сақтай алады.
Сурет салу	Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету; Күтілетін нәтиже: - Сурет салудағы ережелерін сақтай алады; - Жұмыс орнын таза ұстауға, қауіпсіздік шараларын сақтай алады.
Мүсіндеу	Жартылай пішінді алу үшін сазбалшықтың тұтас кесегінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылықты тәрбиелеу. Халық шеберлерінің еңбегі туралы білімін кеңейту, саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: - Сазбалшықтың тұтас кесегімен мүсіндеу дағдылары қалыптасқан. - Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге деген қызығушылықтары қалыптасқан.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: - ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады; - заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады;
Қоршаған ортамен таныстыру	Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Күтілетін нәтиже: - ойыншықтарға, кітаптарға, ыдыстарға ұқыпты қарайды; - кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын біледі; - айналаны қоршаған заттар мен адамдардың еңбегімен жасалған заттарға ұқыптылықпен қарау түсініктері қалыптасқан.
Музыка	Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Билер: Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Күтілетін нәтиже: Домбыра аспабын біледі, дауысын таниды, аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтады, би қимылдарын орындайды, марш сипатын ырғақты жүріспен бере біледі, қазақтың ұлттық би өнерімен таныс болып, ұлттық би өнерін үйренуге қызығушылық танытады, музыкалық аспаптарды танып, атауын атайды.

